

**Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Құрман орта мектебінің
аға тәлімгері Ж.Ж. Кубеновадан өзін өзі басқару ұйымының
2023-2024 оқу жылындағы жасаған жұмысына талдау**

Мектеп атауы: «Құрман орта мектебі»КММ

Жетекшінің аты-жөні: Кубенова Жанар Жанузаковна

Білімі: Арнаулы орта

Мамандығы: Ұйымдастырушы және қазақ оркестрінің жетекшісі

Еңбек өтілі -20 жыл

Жылдық жүктемесі- 0,5

Білім беру және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес Құрман орта мектебінде 2023-2024оқу жылында «Мектеп парламент» білім алушыларының өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасын іске асыру үшін жылдық жоспар жасалынып, жоспар бойынша іс- шаралар өткізіліп жатыр. Жыл басында 5-11 класс оқушыларының қатысуымен, Парламент президентінің сайлауы өткізілді. Сайлаудың комиссия мүшелері құрылып, аталған класс оқушылары толықтай қатысты.





Сайлау қорытындысының нәтижесінде 10 класс оқушысы Ертаев Нұрхат Бергенұлы Парламент Президенті болып сайланды.

Парламент Президентінің ұйымдастыруымен өткен алғашқы отырыста өзін-өзі басқару ұйымының фракция жетекшілері тағайындалды.

Құрман орта мектебіндегі 2023-2024 оқу жылы бойынша

Парламент жұмысының құрылымы:

Парламент мақсаты: балалармен жастардың табысты әлеуметтенуі және өзін-өзі тиімді жүзеге асыруы үшін жағдай жасау, сондай-ақ туындайтын мәселелерді білім алушылардың өз бетінше шешуі үшін мүмкіндіктер жасау.


№	Парламент фракциялары	жауаптылар	класы
1	Парламент Президенті	Ертаев Нұрхат Бергенұлы	10класс
2	Құқық пен тәртіп фракциясы	Хамит Құндыз Ерболқызы	10класс
3	Ақпарат фракциясы	Ахметов Санжар Бекболатұлы	10класс
4	Спорт және салауатты өмір салты фракциясы	Асқарұлы Ислам	10 класс
5	Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы(психология)	Қозыбай Диана	10класс
6	Қамқорлық фракциясы(еріктілік)	Алқабекқызы Гүлнұр	10 класс

7	Мәдениет және өнер фракциясы(музыкалық көркем шығармашылық)	Мақсатқызы Ұлмекен	10класс
8	Дебат қозғалысының фракциясы	Есқазина Нұрайым	10 класс
9	Экалогия және еңбек фракциясы	Абзалұлы Еркінбай	10 класс

Жоспар бойынша өткізілген іс-шараларға тоқталар болсақ: Құқық пен тәртіп фракциясы бойынша, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында, «**Жемқорлықсыз қоғам-нұрлы болашақ кепілі**» кездесу кеші ұйымдастырылды. Кешке Ауыл әкімі Асылбаев Ерлан Базарбайұлы, Мектеп директоры Таушанова Нұрлыгүл Жарылғасынқызы, тәрбие ісі жөніндегі меңгерушісі: Аманбаева Бағлаш Тастемірқызы, Ауылдық модульдік кітапхана меңгерушісі: Алия апай шақырылып, оқушылар жақсы пікір алысып, өздерін толғандырып жүрген сұрақтарына жауап алды.



Қамқорлық фракциясы бойынша, Қазақстан халқы тілдер күніне арналған «Туған тілім, бабам тілі-өз тілім» челленджі жолданды.



5-қазан Мұғалімдер күніне орай, Парламент фракцияларының ұйымдастыруымен «Ұстаз-ұлы тұлға» мерекелік құттықтау болды.



Сонымен қатар ұстаздар күні қарсаңында «Дублер күні» өткізілді. Алдын –ала отырысы өткізіліп, «Дублёр күніне» қатысатын оқушылар анықталып, өз міндеттерін бөліп алды.



Дебат фракциясы бойынша, осы фракцияның тьюторлық басшы: Мединаева Гүлнар Мақсотқызының ұйымдастыруымен «Тұғыры биік тәуелсіз Қазақстан» мектепішілік турнирі өткізілді.



Экология және еңбек фракциясы бойынша, 25- қазан Республика күніне орай, «Таза табиғат» экологиялық акциясы ұйымдастырылды.



Қамқорлық фракциясы бойынша «Әнұран орындау» челленджі ұйымдастырылды. Челленджге барлық класс оқушылары қатынасты.



Мәдениет және өнер фракциясы бойынша, Республика күніне орай «Тәуелсіздік-болашағым» мерекелік концерт өтті.



Мәдениет және өнер фракциясы бойынша, «Алтын күз» күзгі балл кеші ұйымдастырылды. Кешке 9-10-11 класс оқушылары қатысып, өз дәрежесінде өтті.



Құқық пен тәртіп фракциясы бойынша, **5-6 класс оқушыларымен, «Жол тәртібін білейік, аман-есен жүрейік!»** тақырыбында, полиция инспекторы полиция аға лейтенанты Бисебаев Дастан Қаржауұлымен кездесу кеші өткізілді. Кеш барысында түрлі сұрақтар қойылып, бейне-роликтер көрсетілді, оқушылар өз ойларын білдірді.



Спорт және салауатты өмір фракциясы бойынша «Біз өнерлі жастармыз!» флешмоб ұйымдастырылды.



Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы бойынша, «Тәуелсіздік- тұғырым» танымдық сабақ 5-6 класс оқушыларымен өтті. Шара барысындағы оқушылардың өзі-өзі дамытуға, шығармашылыққа баулу мақсатында берілген тапсырмалар мен ойындар, сабақтың қызықты өтуіне ықпалын тигізді.



Сонымен қатар, Өзін-өзі басқару ұйымының барлық фракция жетекшілері мен ұйым мүшелері ат салысқан «Жаңа жыл- 2024» мерекелік ертеңгіліктері де өз дәрежесінде өтті.





Өзін –өзі тану және бақыт фракциясы бойынша, «Ертегі- танымның көзі» әжелермен кездесу кеші өтті. Кешке келген әжелер әдемі әңгіме өрбітіп, ән айтып, би билеп көңілді тарасты.



Дебат фракциясы бойынша «Бала құқығы-адам құқығын қорғаудан басталады» тақырыбында мектепшілік турнир.



Спорт және салауатты өмір салты фракциясы бойынша, қысқы спорттық ойындардан жарыс 5-6-7 класс оқушыларымен өткізілді. Мақсаты: оқушылардың салауатты өмір салтын ұстана отырып, спорттық ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.



Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы бойынша, «Менің таза сыныбым» байқауы ұйымдастырылды. Байқау төрешілері мектепшілік медбике Құрманова Амина, Парламент Президенті Ертаев Нұрхат және Құқық пен тәртіп фракциясының жетекшісі Хамит Құндыз болды. Байқау нәтижесі шығарылып, мақтау қағаздармен марапатталды.

Қамқорлық фракциясы бойынша «Ағасы бардың жағасы бар» атты дискуссия өткізілді. Шараға Асхатұлы Бекжан інілері Аман мен Рамазанмен, Абзалұлы Еркінбай інісі Ақтанмен, Тнеев Заманбек інісі Мұстафамен қатынасты.



Кеңес әскерінің ауған жерінен шығарылғанына 35 жыл толуына орай, Мүсіров Сырым Хамитұлымен кездесу кеші 9-10-11 класс оқушыларының қатысумен өтті. Мақсаты Ауған соғысы туралы мағлұмат беру, соғысқа қатысқан жауынгерлердің ерліктерін дәріптеу.



Қамқорлық фракциясы бойынша 1 наурыз алғыс айту күніне арналған «Алтын жүрек» челленджи жолданды.



Сонымен қатар «Қош келдің, Өз Наурыз!» мерекелік шарасы өткізілді.



12- сәуір ғарышкерлер күніне орай «Ғарышқа саяхат» макеттер байқауы өткізілді. Байқау қорытындысы шығарылып, орын алған оқушылар мақтау қағазымен және ынталандыру сыйлықтарымен марапатталды.



Сонымен қатар Нашақорлықтың алдын алу, балалармен жасөспірімдер арасында салауатты өмір салтын насихаттау және қалыптастыру мақсатында «Зиянды әдеттерден аулақ жүр» тақырыбында жаднамалар жасақталып , таратылды



Өзін-өзі басқару ұйымының отырысы ай сайын өтіп, хаттамасы жасақталып тұр. Жоспар бойынша барлық іс-шаралар өз уақытында өткізіліп жатыр, және өткізілген іс-шара әлеуметтік желіге жарияланып тұрады.

